

Кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2026 жылғы 14 тамыздағы № 409 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 18 тамызда № 39614 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіптік саясат департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс министрі

Е. Нагаспаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және
құрылыс министрі
2026 жылғы 14 тамыздағы
№ 409 бұйрығына
қосымша

Өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе)

1. "Өнеркәсіп саласындағы әкімшілік деректерді жинауға арналған нысандарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022 жылғы 14 сәуірдегі № 208 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27692 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың 1-қосымшасы Тізбенің 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

көрсетілген бұйрықтың 2-қосымшасы Тізбенің 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Индустриялық дамуды бағалау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 11 мамырдағы № 260 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28104 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Индустриялық дамуды бағалау әдістемесінде:

4-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) орталық мемлекеттік органдардың, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының, ұлттық даму институттарының, сондай-ақ өнеркәсіптік-инновациялық қызметті мемлекеттік ынталандыруға қатысушы өнеркәсіптік-инновациялық жүйе субъектілерінің, оны ішінде өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті органның сұрауы бойынша ұсынылатын ақпараты";

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) есепті жылдан кейінгі жылдың 31 қаңтарынан кешіктірмей индустриялық дамуды талдау мен бағалау үшін талап етілетін деректердің сипатына байланысты орталық мемлекеттік органдарға, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына, ұлттық даму институттарына, сондай-ақ өнеркәсіптік-инновациялық қызметті мемлекеттік ынталандыруға қатысушы өнеркәсіптік-инновациялық жүйе субъектілеріне ағымдағы жағдай, реттеуші салалардағы тенденциялар, проблемалар, сондай-ақ оларды шешу тәсілдері туралы ақпарат ұсыну туралы сұрау жібереді.

6. Орталық мемлекеттік органдар, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары, ұлттық даму институттары, сондай-ақ өнеркәсіптік-инновациялық қызметті мемлекеттік ынталандыруға қатысушы өнеркәсіптік-инновациялық жүйе субъектілері есепті жылдан кейінгі жылдың 1 наурызына дейін уәкілетті органға ақпарат ұсынады.";

11-тармақтың орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

3. "Қазақстан Республикасы өнеркәсібінің жай-күйі туралы Ұлттық баяндаманы әзірлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 14 маусымдағы № 337 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28455 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы өнеркәсібінің жай-күйі туралы Ұлттық баяндаманы әзірлеу қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Ұлттық баяндаманы өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) "Индустриялық дамуды бағалау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 11 мамырдағы № 260 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28104 болып тіркелген) сәйкес жүргізілетін индустриялық дамуды бағалау және "Өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асыру тиімділігін бағалау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 27 мамырдағы № 297 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28262 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылатын өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын іске асыру тиімділігін бағалау, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдар және астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары берген ақпарат қорытындылары бойынша қалыптастырады.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Ұлттық баяндаманы жасау үшін орталық мемлекеттік органдардың және астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының ақпарат беру тәртібі

5, 6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

5. Уәкілетті орган жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 31 қаңтарынан кешіктірмей орталық мемлекеттік органдарға (Ұлттық баяндаманы әзірлеу мақсаттары үшін талап етілетін деректердің сипатына қарай), сондай-ақ астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына Ұлттық баяндаманы әзірлеу үшін ақпарат беру туралы сұратулар жібереді.

6. Орталық мемлекеттік органдар (Ұлттық баяндаманы әзірлеу мақсаттары үшін талап етілетін деректердің сипатына қарай), сондай-ақ астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары Ұлттық баяндаманы жасау үшін құзыреті шеңберінде жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 1 наурызына дейін ақпарат ұсынады.

7. Орталық мемлекеттік органдар, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары уәкілетті органға беретін ақпарат қажетті қосалқы материалдармен (кестелер, диаграммалар, графиктер, суреттер, фотосуреттер) толықтырылған талдамалық жазба түрінде қалыптастырылады";

9 және 10-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Уәкілетті орган орталық мемлекеттік органдар, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары ұсынған ақпаратты жинауды, қорытуды, талдауды ұйымдастырады.

10. Ұлттық баяндаманы дәйекті, толық және жан-жақты ақпарат негізінде әзірлеуді қамтамасыз ету мақсатында уәкілетті орган ақпарат келіп түскен күнінен бастап күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей, тиісті орталық мемлекеттік органдарға, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына қосымша сұрау салулар жібереді.

Уәкілетті органнан қосымша сұратуды алған күннен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде орталық мемлекеттік органдар, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары уәкілетті органға тиісті ақпаратты жібереді."

4. "Бәсекеге қабілеттілікті арттыру туралы келісімдерді жасасу және бұзу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 14 маусымдағы № 339 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28454 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бәсекеге қабілеттілікті арттыру туралы келісімдерді жасасу және бұзу қағидаларының 1-қосымшасының орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

Тізімге 1-қосымша
Қазақстан Республикасының
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2022 жылғы 14 сәуірдегі
№ 208 Бұйрыққа
1-қосымша

Өнеркәсіп саласындағы әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне ұсынылады
Әкімшілік деректер нысаны www.mps.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған

"Өнеркәсіпті олардың экономикалық көрсеткіштері бөлігінде мемлекеттік ынталандыру шараларын алған өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілері туралы мәліметтер"

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: жылына бір рет, есепті кезеңнен кейінгі жылдың 10 қаңтарына дейін

	Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік ынталандыруға қатысатын индустриялық-инновациялық жүйе субъектісінің атауы	Өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шарасының атауы (к-инновациялық қызмет субъектісінің атауы)	Өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын алған өнеркәсіпті к-инновациялық қызмет субъектісінің атауы	Бизнес сәйкестендіру номері	Экономикалық қызметтің барлық түрлерінің ортақ жіктеушісі (бұдан әрі – ЭҚОЖ)	Қызмет түрі (ұштаңбалы ЭҚОЖ)	Ел атауы
	1	2	3	4	5	6	7
Барлығы							
Орташа мән							

Кестенің жалғасы

Өңір облыс, қала)	Әкімшілік-ау мақтық объектілердің кодтық сыныптауыш ы	Алынған шараның көлемі, мың теңге	Сыртқы экономикалы қ қызметтің тауар номенклатура сының коды	Экспортталатын елдер саны		
				Өткен кезең, мың теңге	Есепті кезең, мың теңге	Есепті кезеңд өткен кезеңмен салыстыру, %
8	9	10	11	12	13	14

Кестенің жалғасы

Экспортталатын елдердің атауы		Экспорттық түсім көлемі			Еңбек өнімділігі			Жалпы қосылған құнның көлемі		
Өткен кезең	Есепті кезең,	Өткен кезең, мың теңге	Есепті кезең, мың теңге	Есепті кезеңді өткен кезеңмен салыстыру, %	Өткен кезең, мың теңге/адам	Есепті кезең, мың теңге/адам	Есепті кезеңді өткен кезеңмен салыстыру, %	Өткен кезең, мың теңге	Есепті кезең, мың теңге	Есепті кезеңді өткен кезеңмен салыстыру, %
15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25

Кестенің жалғасы

Салық аударымдарының көлемі	Қазақстан Республикасының аумағында сатып алушыларға өнімді сатудан алынған түсімнің көлемі	Өндірістің оқшаулануы және / немесе ел ішіндегі құндылығы

Өткен кезең, мың теңге	Есепті кезең, мың теңге	Есепті кезеңді өткен кезеңмен салыстыру, %	Өткен кезең, мың теңге/адам	Есепті кезең, мың теңге/адам	Есепті кезеңді өткен кезеңмен салыстыру, %	Өткен кезең, %	Есепті кезең, %	Есепті кезеңді өткен кезеңмен салыстыру, %
26	27	28	29	30	31	32	33	34

Кестенің жалғасы

Табыс көлемі			Өнімді сатудан түскен валюталық түсім кірістерінің көлемі		
Өткен кезең, мың теңге	Есепті кезең, мың теңге	Есепті кезеңді өткен кезеңмен салыстыру, %	Өткен кезең, мың теңге/адам	Есепті кезең, мың теңге/адам	Есепті кезеңді өткен кезеңмен салыстыру, %
35	36	37	38	39	40

Атауы (респонденттің) _____

Мекенжайы (респонденттің) _____

Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға:

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы

Орындаушы: _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы

Орындаушының телефон нөмірі, электрондық мекенжайы: _____

Күні " ____ " _____ 20__ жыл

Ескертпе: Өнеркәсіп саласындағы әкімшілік деректерді жинауға арналған "Өнеркәсіпті олардың экономикалық көрсеткіштері бөлігінде мемлекеттік ынталандыру шараларын алған өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілері туралы мәліметтер" нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы Нысанға қосымшада келтірілген.

Өнеркәсіп саласындағы
әкімшілік деректерді жинауға
арналған "Өнеркәсіпті олардың
экономикалық көрсеткіштері
бөлігінде мемлекеттік
ынталандыру шараларын алған
өнеркәсіптік-инновациялық
қызмет субъектілері туралы
мәліметтер" нысанына қосымша

Өнеркәсіп саласындағы әкімшілік деректерді жинауға арналған "Өнеркәсіпті олардың экономикалық көрсеткіштері бөлігінде мемлекеттік ынталандыру шараларын алған өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілері туралы мәліметтер" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Өнеркәсіп саласындағы әкімшілік деректерді жинауға арналған "Өнеркәсіпті олардың әлеуметтік көрсеткіштері бөлігінде мемлекеттік ынталандыру шараларын алған өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілері туралы мәліметтер" нысанның (

бұдан әрі – Нысан) 1-бағанында өнеркәсіптік-инновациялық қызметті мемлекеттік ынталандыруға қатысатын өнеркәсіптік-инновациялық жүйе субъектісінің атауы көрсетіледі.

2. Нысанның 2-бағанында өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларының атауы көрсетіледі.

3. Нысанның 3-бағанында өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын алған өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісінің атауы көрсетіледі.

4. Нысанның 4-бағанында субъектінің бизнес сәйкестендіру номері көрсетіледі.

5. Нысанның 5-бағанында экономикалық қызметтің барлық түрлерінің ортақ жіктеушісінің белгілеу коды көрсетіледі.

6. Нысанның 6-бағанында қызмет түрі (үштаңбалы ЭҚОЖ) көрсетіледі.

7. Нысанның 7-бағанында мемлекет атауы көрсетіледі.

8. Нысанның 8-бағанында өңір (облыс, қала) көрсетіледі.

9. Нысанның 9-бағанында әкімшілік-аумақтық объектілердің кодтық классификаторы көрсетілген.

10. Нысанның 10-бағанында алынған шараның көлемі көрсетіледі, мың теңге.

11. Нысанның 11-бағанында сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының белгілеу коды бар кәсіпорынның өндірілетін өнімінің атауы көрсетіледі.

12. Нысанның 12, 13, 14-бағандарында есепті кезеңді өткен кезеңмен салыстырумен, % қатар өткен және есепті кезең экспортталатын елдердің саны көрсетіледі.

13. Нысанның 15, 16-бағандарында өткен және есепті кезеңде экспортталатын елдердің атауы көрсетіледі.

14. Нысанның 17, 18, 19-бағандарында есепті кезеңді өткен кезеңмен салыстырумен, % қатар өткен және есепті кезең экспорттық түсімнің көлемі көрсетіледі, мың теңге.

15. Нысанның 20, 21, 22-бағандарында есепті кезеңді өткен кезеңмен салыстырумен, % қатар өткен және есепті кезеңнің еңбек нәтижелілігін сипаттайтын көрсеткіш көрсетіледі, мың теңге/адам.

16. Нысанның 23, 24, 25-бағандарында есепті кезеңді өткен кезеңмен салыстырумен, % қатар өткен және есепті кезең жалпы қосылған құнның көлемі көрсетіледі, мың теңге.

17. Нысанның 26, 27, 28-бағандарында есепті кезеңді өткен кезеңмен салыстырумен, % қатар өткен және есепті кезеңнің барлық деңгейдегі бюджеттерге салық аударымдарының жалпы көлемі көрсетіледі, мың теңге.

18. Нысанның 29, 30, 31-бағандарында есепті кезеңді өткен кезеңмен салыстырумен, % қатар өткен және есепті кезең Қазақстан Республикасының аумағында сатып алушыларға өнімді сатудан түскен түсімнің көлемі көрсетіледі, мың теңге/адам.

19. Нысанның 32, 33, 34-бағандарында есепті кезеңді өткен кезеңмен салыстырумен, % қатар өткен және есепті кезеңнің өндірістің оқшаулануы және/немесе ел ішіндегі құндылығы көрсетіледі.

20. Нысанның 35, 36, 37-бағандарында есепті кезеңді өткен кезеңмен салыстырумен, % қатар өткен және есепті кезеңнің кіріс көлемі көрсетіледі.

21. Нысанның 38, 39, 40- бағандарында есепті кезеңді өткен кезеңмен салыстырумен, % қатар өткен және есепті кезең өнімді сатудан түскен валюталық түсім кірістерінің көлемі көрсетіледі, мың теңге.

Тізімге 2-қосымша
Қазақстан Республикасының
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2022 жылғы 14 сәуірдегі
№ 208 Бұйрыққа
2-қосымша

Өнеркәсіп саласындағы әкімшілік деректертерді жинауға арналған нысан

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігіне ұсынылады.

Әкімшілік деректер нысаны www.mps.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған

"Өнеркәсіпті олардың әлеуметтік көрсеткіштері бөлігінде мемлекеттік ынталандыру шараларын алған өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілері туралы мәліметтер"

Есепті кезең: 20__ жыл

Индексі: 2-ӨК

Кезеңділігі: жылдық

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар: индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік ынталандыруға қатысатын индустриялық-инновациялық жүйе субъектілері

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі: жылына бір рет есепті кезеңнен кейінгі жылдың 10 қаңтарына дейін

Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік ынталандыруға қатысатын индустриялық-инновациялық жүйе субъектісінің атауы	Өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шарасының атауы (бұдан әрі – шаралар)	Өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын алған өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісінің атауы	Бизнес сәйкестендіру номері	Жұмыс орындарының саны		
				Өткен кезең, бірлік	Есепті кезең, бірлік	Есепті кезеңді өткен кезеңмен салыстыру, %

	1	2	3	4	5	6	7
Барлығы							
Орташа мәні							

Кестенің жалғасы

Біліктілікті арттырудан өткен инженерлік-техникалық және өндірістік персонал қызметкерлерінің саны			Әлеуметтік салық көлемі		
Өткен кезең, бірлік	Есепті кезең, бірлік	Есепті кезеңді өткен кезеңмен салыстыру, %	Өткен кезең, мың теңге	Есепті кезең, мың теңге	Есепті кезеңді өткен кезеңмен салыстыру, %
8	9	10	11	12	13

Атауы (респонденттің) _____

Мекенжайы (респонденттің) _____

Басшы немесе оның міндетін атқарушы тұлға:

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы

Орындаушы: _____

тегі, аты және әкесінің аты (бар болса) қолы

Орындаушының телефон нөмірі, электрондық мекенжайы: _____

Күні "____" _____ 20__ жыл

Ескертпе: Өнеркәсіп саласындағы әкімшілік деректерді жинауға арналған "Өнеркәсіпті олардың әлеуметтік көрсеткіштері бөлігінде мемлекеттік ынталандыру шараларын алған өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілері туралы мәліметтер" нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Өнеркәсіп саласындағы
әкімшілік деректерді жинауға
арналған "Өнеркәсіпті олардың
әлеуметтік көрсеткіштері
бөлігінде мемлекеттік
ынталандыру шараларын алған
өнеркәсіптік-инновациялық
қызмет субъектілері туралы
мәліметтер" нысанына қосымша

Өнеркәсіп саласындағы әкімшілік деректерді жинауға арналған "Өнеркәсіпті олардың әлеуметтік көрсеткіштері бөлігінде мемлекеттік ынталандыру шараларын алған өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілері туралы мәліметтер" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Өнеркәсіп саласындағы әкімшілік деректерді жинауға арналған "Өнеркәсіпті олардың әлеуметтік көрсеткіштері бөлігінде мемлекеттік ынталандыру шараларын алған өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілері туралы мәліметтер" нысанның (бұдан әрі – Нысан) 1-бағанында өнеркәсіптік-инновациялық қызметті мемлекеттік

ынталандыруға қатысатын өнеркәсіптік-инновациялық жүйе субъектісінің атауы көрсетіледі.

2. Нысанның 2-бағанында өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларының атауы көрсетіледі.

3. Нысанның 3-бағанында өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын алған өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектісінің атауы көрсетіледі.

4. Нысанның 4-бағанында субъектінің бизнес сәйкестендіру номері көрсетіледі.

5. Нысанның 5, 6, 7-бағандарында есепті кезеңді өткен кезеңмен салыстырумен, % қатар өткен және есепті кезең өткен және есепті кезең құрылған жұмыс орындарының саны көрсетіледі.

6. Нысанның 8, 9, 10-бағандарында есепті кезеңді өткен кезеңмен салыстырумен, % қатар өткен және есепті кезең біліктілікті арттырудан өткен инженерлік-техникалық және өндірістік персонал қызметкерлерінің саны көрсетіледі.

7. Нысанның 11, 12, 13-бағандарында есепті кезеңді өткен кезеңмен салыстырумен, % қатар өткен және есепті кезең әлеуметтік салық көлемі көрсетіледі, мың теңге.
